



Автор: Шуренова Гаухар Сагидуллаевна

Пән: Сауат ашу

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Менің отбасым және достарым

Тақырып: ж дыбысы мен әрпі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	<u>.2.9.1 Әріпті тану, ажырату оны дыбыспен сәйкестендіру</u> <u>1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.</u> <u>1.1.9.3 Сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау.</u> <u>1.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату.</u> <u>1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тыныс белгілерін қою.</u>
Сабақтың мақсаты:	•Барлық оқушылар: Әріпті біледі, жаза алады, оқи алады. •Оқушылардың басым бөлігі: Әріптерді таниды және ажыратады. Әріпті дыбыспен сәйкестендіріп оқиды. •Кейбір оқушылар: Мәтінді оқи алады, өз ойын еркін жеткізе алады.
Тілдік мақсаттар:	<u>Оқушылардың «Сұрақтар әлеміне саяхат» әдісімен айтылым дағдысын, сөздікпен, мәтінмен жұмыс жасауда оқылым, айтылым дағдысы, «Топтастыру» әдісі арқылы айтылым, жазылым дағдыларын дамыту. Жазылым дағдысы бойынша негізгі сөз тіркестерімен үш тілде танысады, жазады, айтады. Жапырақ-листья, Жалау-флаг, Жеті-семь</u>
Күтілетін нәтиже:	- Әріпті таниды, ажыратады оны дыбыспен сәйкестендіреді. - Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолданды. - Сөздің буыннан тұратынын түсінді және сөздегі буын санын анықтайды.
Бағалау критерийлері:	- <u>Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажыратды.</u> - <u>Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тыныс белгілерін қояды</u>
Құндылықтарды дарыту:	<u>Біз Мәңгілік Елдің мызғымас Жеті тұғырын нығайту.</u> <u>Сабақ барысында оқушылардың бірін-бірі тыңдау, көмектесу, жұптасып тапсырма орындау, жауапкершілікті арттыру, өзгелердің мәдениетіне қамқорлықпен қарау</u>
АКТ-ны қолдану дағдылары:	<u>Интербелсенді тақта, аудиожазба, суреттер, әріптер</u>
Пәнаралық байланыс:	<u>Дүниетану, музыка, бейнелеу, өзін-өзі тану</u>
Бастапқы білім:	

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ынтымақтастық атмосферасы қалыптастыру. Балалар сабақты бастамас бұрын, бір-бірімізге сәттілік тілейік. Шеңбер болып тұрайық жылы жүзбен, Бізге келсін қуаныш, нұр іздеген. Шуақ толған жанымыз, жүрегіміз Үлгі алсын көрген жан мына бізден. Суреттер арқылы 3 топқа бөлемін. I топ Жапырақ II топ Жұлдыз III топ Жеміс Балалар өткен әріптерімізді қайталап алайық! «Сұрақтар әлеміне саяхат» әдісі арқылы өткен тапсырмаларды пысықтау мақсатында сұрақ-жауап өткіземін. 1. Балалар қазақ тілінде неше әріп бар? 2. Дыбыстар нешеге бөлінеді? т.б. Жауап берген оқушыға жұлдызша беру арқылы бағалаймын. Сабақтың тақырыбын жұмбақ жасыру арқылы ашамын. Жасыл болып жыпырлап өнеді, Сары болып жерге түседі. (Жапырақ) Күндіз бәрі қашады Түнде аспанды басады. (Жұлдыз) Бұтақта ілініп тұрамын, Піскенде себетке құладым. (Жеміс)	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Балалар бүгінгі өтетін жаңа сабағымыздың тақырыбы «Ж ж» дыбысы мен әрпі. Ж дыбысы туралы бейнежазба көрсетемін. Жеті сөзіне дыбыстық талдау жасаймыз Ж дыбысы –ұяң дауыссыз дыбыс. Жасалуына қарай – тіл алды дауыссыз. Айтылуына қарай –ызың дауыссыз. 1. Сөздікпен жұмыс: 1.Хормен оқу 2.Тізбектей оқу жаға жалау жасыл жақсы жылтыр жарыс жаса жасау жайлау жаман жауын Жарас Жеке жұмыс 2. Тапсырма Мәтінді дауыстап оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз. 5e380ae0a5c26.png Image not found or type unknown - Мәтінде не туралы айтылған? - Жарыс мәресіне кім тез жетеді? Дескриптор: Білім алушы - мәтінді қатесіз оқиды; - мәтіннің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді. 3.Тапсырма. 1 -тапсырма Әр жұп суретке мұқият қараңыз. Сөздерді оқыңыз және оған қарама-қарсы мағыналы сөздер тауып айтыңыз. сол жақ - ... үлкен - ... ауыр - ... жылдам - ... ыстық - ... ашық - ... Дескриптор: Білім алушы - берілген сөздерге қарсы мағыналы сөздерді айтады. 7 2-тапсырма Сөздерді оқыңыз. Мәндес сөздерді анықтаңыз және бір-бірімен байланыстырып сызыңыз . Дескриптор: Білім алушы - мәндес сөздерді анықтайды және байланыстырып сызады. Топтық жұмыс:«Мені тауып көр» ойыны. I топ «Жапырақ. Ждыбысы сөз басында келетін заттарды атап, аттарын жазады. II топ «Жұлдыз» Суреттердің атын тауып жаз. III топ «Жеміс»	
Сабақтың соңы	<u>«Топтастыру» әдісі 1.Ж дыбысынан келетін сөздер айту. 2.Сөздерді буынға бөлу. 3. Ж дыбысын дауысты және дауыссыз екенін ажырату.</u> Жалау Жапалақ Жеміс Жүгері Ж Жантақ	
Рефлексия	тақтаға смайликтер жапсырады	